



**«Кадырбаев оқулары – 2020»
VI Халықаралық ғылыми
конференциясы**



**VI Международная научная
конференция
«Кадырбаевские чтения – 2020»**



МЕРЕЙІ БИІК СУРЕТШІ ЕДІ...

Р.С. Нұрғалиев

Адам баласы көзімен көріп, ой-түйсігімен сезінген, өзін қоршаған ортадағы оқиғаларды тасқа қашап салудан сурет өнері бастау алары сөзсіз. Кең байтақ қасиетті қазақ даласында сақталған «Таңбалы тас», балбалдар, құлпытастар, дана халқымыздың қолөнер төл туындылары ата-бабамыздың өнерден құр алақан еместігін айқындайды.

Мен бала кезімнен елімізге белгілі көптеген суретшілердің салған суреттеріне қызығып, суретші болуды армандап өстім. Солардың бірі — Сағынтай Әлімбетов болатын.

Сағынтай Әлімбетов 1953 жылдың 3 ақпанында Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, «Қызыл жұлдыз» кеңшарында дүниеге келген. 1977 жылы Алматы Н.В.Гоголь атындағы көркемсурет училищесін, 1990 жылы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының көркемсурет факультетін тәмамдаған. Қазақстан Республикасының Суретшілер, Дизайнерлер одағының мүшесі, бейнелеу өнерінің профессоры, «Әлем халықтарының өнері» атты халықаралық ассоциацияларының лауреаты болды. Республикалық, халықаралық көркемсурет көрмелеріне, симпозиумдарына, Германияда (Ганновер қаласы) II халықаралық суретшілердің симпозиумының дипломанты, БҰҰ секретариаты ұйымдастырған «Қазақстанның бейнелеу өнері» көрмесіне қатысты. Түркияда, Конья қаласында өткен халықаралық суретшілер симпозиумында I дәрежелі дипломымен марапатталды. Сағынтай Әлімбетов «Ақтөбе қаласының Құрметті азаматы», Ақтөбе қаласының елтаңбасы мен туының авторы, Ойыл ауданы елтаңбасының авторы. «Ақтөбе қаласының Құрметті азаматы» медалі нұсқасының авторы.

Тама Есет батыр Көкұлының 325 жылдығы мен қазан жүрек Қайдауыл батыр Едігеұлының 230 жылдық, Арайлы Ақтөбе қаласының 130 жылдық мерейтойларының бас суретшісі болды. Суретшінің Ақтөбе, «Әбілқайыр хан», «Әйтеке би», «Абай», «Жібек жолы», «Тәуелсіздік», (Адам және уақыт), «Сығанақ», «Асанқайғы», «Наурыз», «Рауан» картиналары жазылып, «Жеті қат» альбомы, «Табиғат. Адам. Уақыт» жеке көрмесінің каталогі жарыққа шықты. ЮНЕСКО көлемінде өткен Махамбет Өтемісұлының 200 жылдығына арналған Халықаралық конференцияға қатысқан. «Суретшінің есімі «Қазақстанның ең үздік адамдары» атты энциклопедиясына енген. «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған.

Қазақстан Республикасы Президентінің Резиденциясына Сағынтай Әлімбетовтың «Мәңгілік», «Күй», «Комета Галлея» картиналары алынды. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігінде, АҚШ, Франция, Австрия, Голландия, Германия, Түркия азаматтарының жеке коллекцияларында сақтаулы. Бүкілодақтық, халықаралық, республикалық жоғары деңгейдегі көрмелерге ол алғашқы шығармашылық қадамдарынан бастап қатысты. Шығармашылық еңбектері егеменді еліміздің Мәдениет және спорт министрлігінің, Қазақстан Республикасы Суретшілер Одағының, КСРО

Мәдениет министрлігінің ҚР Президенті Резиденциясының көркемсурет қорларына, Астана (Нұр-Сұлтан), Тикси қаласының музейіне алынды. Сонымен қатар АҚШ, Франция, Германия, Турция, Голландия, Австрия, Бельгия жеке азаматтарының коллекцияларында, Алматы, Астана, Ақтөбе қалаларында орын алған.

Жастайынан қыл қаламды жанына серік етіп, оның бойына терең бойлаған суретші туындыларының бастауы сонау тарих қойнауынан нәр алғаны айқын сезіледі. Дана қазақ халқымыздың көркемсурет өнерінің қарқынды дамуына, оны жоғары деңгейге көтеруге өзіндік зор үлесін қосып, аянбай еңбек етті.

Сағынтай Әлімбетов — жас ұрпақты ерлік, патриотизм рухында тәрбиелеуде үлес қосқан суретші еді. Қазақ көркемсурет өнерінің дамуына өз үлесін қосып, өткен мен бүгінгі шығармаларына арқау еткен, әр туындысы дала философиясынан сыр шертетін еңбектері құндылығымен жас ұрпақты бейнелеу өнерінің сұлулығынан нәр алуға, ұлттық тәрбиеден сусындауға жетелейді. Сонымен қатар суретшінің кәсіби шығармашылық жұмыстары тарихпен, мифтермен және аңыздармен өзара үндеседі. Белгілі тұлғалардың портреттерін өте жақсы салған. Сағынтай Әлімбетовті сурет әлемінде өзіндік орны бар тұлға деп білеміз.

Осы орайда суретшінің көпке үлгі-өнеге боларлық шығармашылық еңбек жолына тоқталғанды жөн көрдім. Еңбек жолын 1977 жылы Ақтөбе мәдени-ағарту училищесінің көркемсурет бөлімінде живопись, композиция пәндерінен сабақ беруден бастаған. Одан кейін әр жылдары Ақтөбе балалар көркемсурет мектебінде ұстаздық етсе, Қазақстан Суретшілер одағы көркемдік бөлімінің меңгерушісі, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе университетінде көркемсурет факультетінің деканы сынды жауапты қызметтерді абыроймен атқарғанын аңғаруға болады.

Өткенге көз жүгіртсек, 2013 жылдың сәуір айында облыс орталығы Ақтөбе қаласындағы Тахауи Ахтанов атындағы облыстық драма театрында Сағынтай Әлімбетовтың 60 жылдық мерейтойына және шығармашылығының 35 жылдығына арналған «Табиғат. Адам.Уақыт» атты жеке көрмесінің салтанатты ашылу рәсімі өтті. Көрмеге шығармашылық жолының әр кезеңдерінде жазылған 35 кескіндеме туындылары қойылды.

Аталған салтанатты шарада Сағынтай Әлімбетов Қазақстан Республикасының «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісімен марапатталды. Көзден кетсе де көңілден кетпейді демекші, ол — егеменді еліміздің сурет саласында өзіндік орны бар тұлға болып қалды.

Кезінде жергілікті және сайт басылымдарына берген бір сұхбатында журналистің:

- Бояулар мен кенептерді қайдан аласыз? Олар қымбат тұрады ғой, — деген сауалына:
- Мені көптеген симпозиумдарға қатысуға шақырады. Сонда маған кенептер кәде-сый ретінде беріледі. Менің Кенес заманынан бері

сақталған шағын қорым бар. Мен қатқыл мата сатып алып, тегістеймін. Содан кейін ғана сурет саламын. Солай жұмыс жасаймын.

- Ал «Сізді оптимист деп айтуға бола ма? Сіз өзіңізді бейнелеу өнерінің қандай бағытына жатқызасыз?» — деген сауалға:
- Өмірдегі және шығармашылық бағытындағы кезіккен қиындықтарға қарамастан мен күнделікті өмірде күліп жүремін, көңілді болуға тырысамын. Достарым көп. Мен жақсы эмоцияларға толы жанмын. Мен үшін ақша қымбат емес. Шығармашылық жұмысымнан қанағаттанамын. Бұл — мен үшін өте маңызды. Мен символистпін, — деген екен (А.Зюзина, «zakon.kz» телеграм-каналы).

Қазақстан Республикасы Суретшілер одағының және АИКА ЮНЕСКО-ның мүшесі, өнертанушы Гүлжазира Мұқажанова әріптесі Сағынтай Әлімбетов туралы былай деп пікір білдіріпті:

- Суретшілік мәнеріне тән қасиеттің бірі — не салса да соған психологиялық негіз іздеу. Дана халқымыздың көл-көсір мінезі мен кең жүрегін жақсы сезінетін ол көбіне нақты адамдардың образын жасауға үйір. Әр кейіпкерінің бейнесінен халық мінез-құлқының етене таныс белгілерін оңай ажыратуға болады. Ауыл тіршілігінің ең қарапайым көріністерінен ол жүрек толқытатындай мәңгілік рухани сезім іздейді. «Сырт көзге жұпыны көрінер құбылыстардың өзін бояу күдіретімен айшықтап, көрермен ықыласын еріксіз соған бұрады. Оның шын сыры тереңде дегенге көңіл аударады.

Сағынтайдың творчествосы сонысымен қымбат, сонысымен бағалы», — деп жоғары баға беріпті.

Сағынтай Әлімбетов — қарапайым ұстаның баласы. Яғни әкесі — жетінші ұрпақтан тарайтын темір ұстасы. Анасы тракторшы болып еңбек еткен. Марқұм Сағынтай Әлімбетов салған өңіріміздің белгілі тарихи көрнекті тұлғаларының суреттері бүгінде бірегей туындыларға айналды. Оның сүйген кәсібі — сурет әлемінде алдағы күндерге де белгілеген мақсат-жоспарлары көп еді. Тірі болғанда биыл 67 жасқа толар еді. Өкінішке орай, 2018 жылдың ақпан айында ұзаққа созылған ауыр науқастан кейін өмірден ерте кетті.

Оның Қызылорда облысында туып, біздің өңірімізде абыройлы еңбек еткен белгілі кәсіби суретші болғанын болашақ жас ұрпақ білуі тиіс және абзал азамат, керемет талант иесінің жақсы есімі ұмтылып қалмай, жаңғырып тұруы жөн деп ойлаймын.

Кеңестік кезеңдегі ірі тұлғалардың ізімен өнер өріне көтерілген жерлесіміз Сағынтай Әлімбетовтің орны бөлек. Сондықтан алдағы уақытта суретшінің есімін ұлықтау мақсатында оған арналған экспозициялық көрме-байқаулар ұйымдастырылса нұр үстіне нұр болар еді.

Әдебиеттер тізімі

Қазақстан Республикасы Суретшілер Одағы
Ақтөбе облысының әкімдігі
Облыстық мәдениет басқармасы
Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институты
Облыстық көркемсурет және сәндік қолданбалы өнер музейі «Сағынтай
Әлімбетұлы» кітабы, Ақтөбе, 2009 ж.
<https://www.zakon.kz/> сайты, Анастасии Зюзиной, Ақтөбе.
<https://www.artmiras@mail.ru> сайты, 2018 ж.



Сағынтай Әлімбетов суретшінің Т. Ахтанов атындағы облыстық драма театрында өтіп жатқан ретроспективті көрмесінде түскен фото суреты, (25.04.2013 жыл, Ақтөбе қаласы).



«Тама Есет батыр Көкіұлы» 1992 жылы, суретші Сағынтай Әлімбетов
1953 т.ж. Ақтөбе қаласы.



«Шекті Тілеу батыр Айтұлы» 2011 жылы, суретші Сағынтай Әлімбетов
1953 т.ж. Ақтөбе қаласы.